

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе облысы  
Әйтеке би ауданы  
«Талдық негізгі орта білім  
беретін мектебі» КММ



Республика Казахстан  
Актюбинская область  
Айткебийский район  
КГМ «Талдыкская  
Основная средняя  
образовательная школа»

Н.Алдекешов көшесі №1, тел.факс: 8(713-39) 73-2-45  
Email: [taldyk.mektep@mail.ru](mailto:taldyk.mektep@mail.ru), [taldyk.mektep@vandex.kz](mailto:taldyk.mektep@vandex.kz)

Талдық ауылы

село Талдық

### Бұйрық № 36 «в»

02.09.2025 ж  
2025- 2026 оқу жылының  
басталуы туралы

Орта білім беру ұйымдарында 2025 – 2026 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес

#### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025 – 2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын: 2025 жылғы 1 қыркүйек - 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2- тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3- тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19- 29 наурызды қоса алғанда);

1 - Сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9 – 15 ақпанды қоса алғанда);

4- тоқсан - 8 оқу аптасы.

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында:

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін.

9 - сынып оқушылары үшін

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/ неміс), информатика) - 2026 жылғы 3 маусым;
- 3) казак тілі/орыс тілі және ұйғыр/ тәжік/ өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2026 жылғы 8 маусым;
3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.М.Айматоваға жүктелсін

Мектеп директорының м.у.а:



Ізбасаров Ж.Е.